

ХАБАРЛАМА: "Қазақстан қор биржасы" АҚ акционерлерінің 2015 жылдың 15 мамырына жоспарланған жылдық жалпы жиналысының күн тәртібіне толықтырулар енгізілді

Қазақстан қор биржасы (бұдан әрі – KASE немесе Биржа) 2015 жылдың 14 сәуірінде 2015 жылдың 15 мамырында акционерлердің жылдық жалпы жиналысы болып өтетіні туралы хабарлады.

Биржалық кеңестің шешімімен (2015 жылдың 29 сәуіріндегі № 9 отырыс хаттамасы) осы жиналыстың күн тәртібі келесідей сұрақтармен толықтырылды:

- Биржалық кеңес мүшелерінің өкілеттілігін мерзімнен бұрын тоқтату;
- Биржалық кеңес мүшелерінің сандық құрамын, Биржалық кеңес мүшелерінің өкілеттілік мерзімін, Биржалық кеңестің мүшелерін сайлау туралы, Биржалық кеңес мүшелеріне төленетін сыйақы мөлшерін анықтау туралы.

Аталмыш жиналыстың күн тәртібіндегі сұрақтардың бірі Биржалық кеңес мүшелерін сайлау болуына байланысты, акционерлерді жазбаша түрде Биржаға Биржалық кеңес мүшелігіне кандидатураларды **2015 жылдың 04 мамыры күні сағат 18:00-ге дейін** жолдауын сұраймыз.

Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" заңының 44 бабының 2 тармағына сәйкес Биржалық кеңестің мүшелігіне кандидат туралы ақпараттар келесіні қамтуы тиіс:

- 1) тегі, аты, сондай-ақ қалауынша – әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәліметтер;
- 3) Биржаға қатысты аффилиирленуі туралы мәліметтер;
- 4) соңғы үш жылдағы жұмыс істеген жерлері мен атқарған лауазымдары туралы мәліметтер;
- 5) кандидаттың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын, өзге де ақпараттар.

Кандидатураны ұсыну хатында Биржалық кеңес мүшелігіне ұсынылған қай акционердің өкілі болатынын немесе Биржаның тәуелсіз директоры лауазымына ұсынылатынын анықтау.

Акционерлердің ұсынатын кандидаттары, Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар нарығы туралы" заңының 54 бабында белгіленген, жетекші қызметкерлерге қойылатын талаптарға сай болып, Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры болуға кандидаттар Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" заңының 1 бабының 20) тармақшасында белгіленген талаптарға сай болуы тиіс.

Биржалық кеңес мүшелігіне кандидатураларды ұсынған жағдайда акционерлер кандидаттың сандық форматтағы түрлі-түсті фотосуретін Биржаның корпоративтік хатшысының vika@kase.kz электрондық поштасының мекен-жайына жолдау қажет.

Анықтамалар үшін телефондар: (727) 237 53 43.

Биржа акционерлеріне жылдық жалпы жиналыс өткізу туралы хабарламасы KASE интернет-сайтында

http://www.kase.kz/files/for_shareholders/meeting_150515_add_kaz.pdf

мекен-жайы бойынша жарияланған.